

**Құжаттарды уақытша пайдалануға беру туралы
КЕЛІСІМ**

Түркістан қ.

Бірінші тарап, Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының директоры **Ж.С. Шардарбекова** және екінші тарап, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының директоры **м.у.а. Н.М. Дүкенбаев**, келесідей шарт жасасты

I. Шарттың мәні

1.1. Меморандум аясында ынтымақтастықты дамыту бойынша бірінші тарап екінші тараптан тарихи, мәдени материалдарын цифрландыру және электрондық базаға енгізу мақсатында алады; Тараптар ұлттық тарихи-мәдени мұраны сақтау және қолжетімділігін арттыру мақсатында өзара ынтымақтастық орнатады. Атап айтқанда, музей қорында сақталған тарихи маңызы жоғары сирек басылымдар, көне газет-журналдар мен құнды құжаттарды уақытша пайдалануға беру және оларды цифрлық форматқа көшіру (сканерлеу) жұмыстарын бірлесе жүзеге асыру көзделеді.

II. Бірінші тарап міндеті

2.1. Материалдарды кәсіби сканерлеу құралдарымен сканерлеу; Материалдардың физикалық жағдайына зиян келтірмеу; Сканерлеу аяқталғаннан кейін материалдарды бастапқы күйінде қайтару; Электрондық нұсқаларды екі тарап үшін архивтік форматта сақтау; Авторлық құқықты сақтау.

III. Екінші тарап міндеті

3.1. Материалдарды уақытша беру актісі арқылы ресми тапсыру; Қажет болған жағдайда материалдардың сипаттамасын, ерекшеліктерін беру; Құқықтық шектеулерді, ескертулерді қамтамасыз ету.

IV. Шарттың қолданылуы мерзімі

4.1. Шарт тараптар қол қойған кезден бастап күшіне енеді. Шарт мезгілінен бұрын бастамашы тараптың екінші тарапты бұзғысы келетін күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар етуі арқылы бір жақты бұзылуы мүмкін. Шарттың қолдану мерзімі 2026 жылдың қаңтар айынан 2028 жылдың желтоқсан айына дейін жарамды. Шартқа тараптардың келісімі бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Директор
Түркістан облыстық «Фараб»
әмбебап ғылыми кітапханасы КММ



Ж.С. Шардарбекова

Директор м.а
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық
тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК



Н.М. Дүкенбаев

ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Түркістан қ.

Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасы (бұдан әрі – «Тарап 1»), атынан директор **Жанат Шардарбекова** және «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК (бұдан әрі – «Тарап 2»), атынан директордың міндетін атқарушы **Нұрлан Дүкелбаев**, төмендегі шарттар негізінде өзара түсіністік пен ынтымақтастық мақсатында осы Меморандумды жасасты.

1. Ынтымақтастықтың мақсаты

Бұл Меморандумның мақсаты - Тараптардың әрқайсысының функционалдық қызметі төңірегінде ортақ мүдделерді зерттеу бағыттары бойынша мәдени, ғылыми және ағартушылық бағыттарда бірлескен және келісілген іс-шараларды жүзеге асыру; қоғамның тарихи санасын қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау жөніндегі ынтымақтастық.

2. Ынтымақтастықтың бағыттары мен міндеттері

Тараптар келесі бағыттар бойынша мәдени - ғылыми ынтымақтастықты дамытуды қолдайды:

- Ғылыми байланыстарды кеңейту;
- Материалдарды кәсіби сканерлеу құралдарымен сканерлеуге қолдау білдіру және электрондық нұсқаларды екі тарап үшін архивтік форматта сақтау;
- Бірлескен көрмелер, экспедициялар ұйымдастыру;
- Оқырмандар мен музей келушілеріне арналған шеберлік сағаттары, дәрістер, кітап тұсаукесерлер өткізу;
- Тарихи және мәдени тақырыптағы ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізу;
- Ақпараттық және тағымдық ресурстармен алмасу;
- Бірлескен басылымдар мен каталогтар әзірлеу, кітап алмасу;
- Мәдени мұраны зерттеу және цифрландыру бағытында жобалар жүргізу;
- Материалдарды уақытша беру актісі арқылы ресми тапсыру;
- Көне кітаптарды аудару жұмыстарында бірлесу;

- Мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету;
- Музей қызметін насихаттауға атсалысу;
- Кітапхана жобаларына ғылыми және мәдени қолдау көрсету;
- Басқа да өзара келісілген бірлескен жұмыстар.

3. Жалпы ережелер

Бұл Тараптар арасындағы ынтымақтастық туралы жалпы меморандум. Тараптардың әрбір академиялық іс-шаралар мен қызметтерге қосатын үлесі өзара келісім нәтижесінде шешіледі.

Тараптар бірлескен жобалар шеңберінде жасалған зияткерлік өнімдерге бірлесіп авторлық құқықты иеленеді.

Кез келген жарияланым немесе материалды пайдаланар алдында екінші Тараптың келісімі қажет.

Бұл Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және ұзақ пәрменді мерзімге жарамды.

Тараптардың ешқайсысы Меморандум шеңберіндегі әрекеттері үшін қаржылық міндеттеме алмайды.

Директор
Түркістан облыстық «Фараб»
әмбебап ғылыми кітапханасы КММ



Ж.С. Шардарбекова

Директор м.а
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық
тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК



Н.М. Дүкенбаев